



18 маусым, сенбі 2022 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi_kz

3 Ұлытау ұлағаты



5 Әр шақырту артында адам тағдыры тұр



6 “Сарыбайқазған” мұнарасының сыры



8 Тарих та, тәрбие де жырда тұр



● ПРЕЗИДЕНТ

ТАУАР АЙНАЛЫМЫ АРТТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Санкт-Петербургке сапары Татарстан Президенті Рустам Миннихановпен кездесуден басталды.

Кездесу барысында Қазақстан мен Татарстанның сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастығын кеңейту перспективалары достық рухта талқыланды. Экономиканың маңызды секторларындағы бірлескен жобаларды Қазақстан аумағында жүзеге асыруға, еліміздің зауыттарын Ресей Федерациясының өндіріс жүйесімен қатар дамытуға баса мән берілді.

Сонымен қатар «Кама3» және «Татнефть» компанияларымен бірлескен жобаларды жүзеге асыру барысы қарастырылды. Кездесуге бұл компаниялардың да басшылары қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Ресеймен көпжақты қатынастарында маңызды орын алатын қазақ-татар байланыстарының қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

2021 жылдың қорытындысы бойынша республикамен арадағы тауар айналымы 423 миллион доллар болды. Биылғы төрт айдың ішінде 143 миллион долларға жетті. Машина жасау саласындағы ірі жобалар табысты жүзеге асырылып жатыр. Қазақстан мен Ресейдің Өңіраралық форумы ынтымақтастықты кеңейтуге жақсы мүмкіндік береді.

Өз кезегінде Рустам Минниханов Петербург халықаралық экономикалық форумы аясында кездесуге мүмкіндік туғызғанына ризашылығын білдіріп, татар компанияларының қазақстандық серіктестерімен ықпалдастық орнатуына қолдау көрсетіп жатқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты.

ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ НЫҒАЯ БЕРМЕК

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Башқұртстан басшысы Радий Хабировпен кездесу өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Радий Хабиров Қазақстан мен Башқұртстанның сауда-экономикалық, өнеркәсіп, инвестиция және мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастығын одан әрі нығайту мәселелерін талқылады.

— Біз Қазақстан мен Башқұртстан арасындағы іскерлік ынтымақтастыққа қатысты нақты жобалар жасауға және дамытуға мүдделіміз. Сондықтан сіздердің компанияларыңыздың жетекшілерін Қазақстанға шақырамын. Біз барлық жағдайды жасаймыз. Бұған қызығушылық танытып отырмыз. Егер сіздердің тарапыңыздан индустриялық әлеуеті ескерілген өте маңызды бірлескен жобалар ұсынылса, жұмысымыз жемісті болады деп ойлаймын, — деді Президент.

Өз кезегінде Радий Хабиров кездесуге мүмкіндік бергені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс білдіріп, Қазақстанмен арадағы ынтымақтастықты дамытудың стратегиялық маңызы бар екенін атап өтті.

— Башқұртстан Қазақстанның бизнестің жұмысты одан әрі жалғастыруға аса мүдделі. Біз үшін бұл өте маңызды. Осы уақыт аралығында қол қусырып отырғанымыз жоқ. Менің Қазақстанға сапарым барысында бірқатар келісімдер жасалып, уағдаластықтарға қол жеткізілді және олардың бәрі жүзеге асырылды. Ең алдымен, өзара қарым-қатынас инфрақұрылымын жолға қойдық, — деді Радий Хабиров.

“ҰЛТЫМЫЗ БІРЛІК ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК МҰРАТТАРЫ ЖОЛЫНДА ҰЙЫСУЫ ҚАЖЕТ”

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДЫҢ І ОТЫРЫСЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ



Құрметті қауым! Ардақты ағайын!

Баршаңызға Ұлттық құрылтайдың ашылуы құтты болсын дегім келеді.

Біз бүгін жалпыұлттық референдумнан кейін алғаш рет бас қосып отырмыз. Ата заңға өзгерістер енгізуге арналған референдум табысты өтті. Азаматтарымыз дауыс беруге белсене қатысты. Отбасымен бірге барып, ел болашағына бей-жай қарамайтынын көрсетті. Шынайы өзгеріске және жан-жақты жаңғыруға деген ұмтылысын білдірді. Келешегіміздің жарқын боларына үміті және сенімі зор екенін байқатты. Еліміз ертеңгі күнге мызғымас бірлікпен қадам басуға дайын екенін анық аңғартты.

Референдумның қорытындысы баршаңызға белгілі. Көпшілік Ата заңға өзгерістер енгізу туралы менің бастамамды қолдады. Дауыс беруге қатысқан барша азаматтарға зор алғысымды айтамын. Осылайша, ел дамуының тарихи кезеңі басталды. Конституцияға енгізілген өзгерістермен бірге мемлекеттің саяси жүйесі өзгермек. Елді басқарудың жаңа үлгісі пайда болады. Яғни, біз Екінші Республиканы құруға кірістік.

Алайда, кейбір азамат-

тарымыз референдум кезінде мемлекеттің атауы да өзгеруге тиіс еді деген пікір айтып жүр. Олар «Қазақстан» атауындағы «-стан» сөзін елімізге де, бүкіл Азияға да жат ұғым деп санайды. Мұны да қисынды деп айтуға болмайды. Себебі, әлемде дәл осындай Пәкістан, Үндістан, Ауғанстан және Орталық Азия мемлекеттері бар.

Ең басты мәселе, біз Тәуелсіз еліміз — Қазақстан Республикасы атынан 30 жыл ішінде көптеген халықаралық келісімшарттарға қол қойдық, мемлекеттік шекарамызды бекіттік. Осындай жағдайда мемлекетіміздің атауын өзгерту жауапсыз шешім болар еді. Бұл — ең алдымен, ұлттық қауіпсіздігімізге және халқымыздың бейбіт өміріне тікелей әсері бар өте маңызды мәселе.

Жаңа Қазақстан бір күнде немесе бір жылда құрылмайтыны анық. Бұл — бүкіл қоғамды өзгертетін күрделі әрі ұзақ үдеріс. Мұны жүзеге асыру үшін бір ғана билік әрекет етсе, бұл, әрине, жеткіліксіз. Бүкіл ел болып жұмылсақ, көздеген мақсатымызға жетеміз. Сол себепті, мен Жолдауымда Ұлттық құрылтай шақыру туралы бастама көтердім.

2, 3-беттер

● ПАРЛАМЕНТТІК ТЫНДАУ

ӨЗЕН СУЫ – ӨЛКЕНІҢ НӘР ӨЗЕГІ

Кеше Нұр-Сұлтан қаласында «Қазақстанның су саласын дамыту перспективалары» тақырыбында Парламенттік тыңдау өтті. Оған ҚР Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов, депутаттар, бірқатар министрлер және Қызылорда мен Атырау облысының әкімдері, тиісті сала өкілдері қатысты.

Парламенттік тыңдауда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдің экономикалық және экологиялық жағдайы, су шаруашылығындағы өзекті деген мәселелер бойынша сөз сөйледі. Аймақ басшысының сөзі толық нұсқада ұсынылып отыр.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар!

Сыр өңірінің экономикалық және экологиялық жағдайы, халқының тыныс-тіршілігі Сырдария өзенінің суымен қамтамасыз етілуіне және ауыспалы суармалы жердің мелиоративтік мүмкіндігіне тікелей байланысты.

Парламенттік тыңдауға су шаруашылығын дамыту перспективалары енгізіліп, сөз сөйлеу мүмкіндігі берілгендігі үшін Сыр өңірі тұрғындарының атынан Сіздерге ризашылығымызды білдіреміз.

Жасыратыны жоқ, мамандардың болжамы бойынша 2030 жылға қарай еліміздің оңтүстік аймағында су тапшылығы артады деп күтілуде.

Бұл ретте, Сырдарияның 93% суы республикадан тыс жерлерден келетінін ескерсек, ең ауыр ахуал «Арал-Сырдария» бассейнінде қалыптасатын болады. Табиғат ресурстарының негізі — су мемлекетаралық саясаттың ең күрделі шкаласына тіреліп, көпшілікті алаңдатуда.

Біріншіден, Қызылорда облысы трансшекаралық өзеннің ең төменгі ағысында орналасқандықтан, жоғары ағыста орналасқан мемлекеттермен өңірлердің ұстанымына еріксіз тәуелдіміз.

Екіншіден, басқа облыстар сияқты бізде табиғи өсірілім (богарный) егістік жерлер жоқ.

4-бет



МЕМЛЕКЕТТІК
РӘМІЗДЕРГЕ
30 ЖЫЛ

Құрмет пен қызмет қатар жүруі тиіс

Облыс әкімдігі жанындағы мемлекеттік рәміздер жөніндегі комиссия отырысы өтті. Жиынды облыс әкімі аппаратының басшысы, комиссия төрағасының орынбасары Шахмардан Байманов жүргізді.

Сб Гүлбану МАҚАЖАН, «Сыр бойы»

— Мемлекеттік рәміздер — Тәуелсіздігіміздің басты құндылығы. Халқымыздың бірлігі мен тұтастығын, азаматтық бірегейлігін бейнелейтін символдар. Әрбір азамат Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, қадірлеуге міндетті. Жас буынға оның қадір-қасиетін түсіндіру, патриоттық тәрбие берудегі жұмыстардың басты бағыты болуы тиіс, — деп бастады сөзін Шахмардан Асқарұлы.

4-бет

● ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

АЛАЯҚТЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ КЕРЕК

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомствоаралық комиссия отырысы өтті. Жиында жауапты сала басшылары мен онлайн форматта бірқатар аудан әкімдері қатысты.

Күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Алдымен облыстық полиция департаментінің бастығы Сұлтан Бектөре есірткі бизнесіне қарсы күрес бағытында атқарылған жұмыстарды баяндады. Оның айтуынша, Қызылорда облысында өткен 5 ай ішінде 73 есірткі қылмысы тіркеліп,

оларды тергеп-тексеру барысында марихуана заттары және «ПиВиПи» синтетикалық есірткі заттары тәркіленіп алынған. Осы есептік мерзімде есірткіге қатысты қылмыстардың ашылуы 53 процентті құрап отыр.

3-бет

● ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

ТЕРЕЗЕГЕ АБАЙ БОЛ НЕМЕСЕ БАЛАҢЫЗДА ҚАНАТ ЖОҚ

Қазір балалардың қайғылы жағдайға ұшырауының негізгі себептерінің бірі терезеден құлау болып тұр. Жауапты мамандардың айтуынша балаларды қараусыз қалдыру салдарынан оқыс оқиғалар жиі тіркеледі екен. Көпқабатты үй тұрғындары сақтық шараларын барынша ұстанып, балаларды терезе маңына жақындатпаған жөн.

Сб Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»



7-бет

БАСПАСӨЗ – 2022

Құрметті оқырман

2022 жылдың екінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге жазылу аяқталуға жақын. Қапы қалмаңыз!

«Сыр бойы» газетіне жазылу бағасы: жекелер үшін: 6 айға — 3500 теңге. Мекемелер үшін: 6 айға — 4500 теңге.



Өзен суы – өлкенің нәр өзегі



Сондықтан, біздің аймақ су шығыны көп, инженерлік жүйеге келтірілген суармалы күріш егісіне бейімделген, мелиоративтік жүйелер мен құрылыстарды ұстап тұруға мәжбүрміз және олардың техникалық жағдайына тікелей тәуелді екендігіміз баршаңызға мәлім.

Өңірдің тағы бір ерекшелігі, еліміздегі күріштің 90 пайызын біздің аймақ өндіретін болғандықтан, республика бойынша суармалы судың 30 пайыздан астамын тұтынамыз.

Су тапшылығы жағдайында суды көп тұтынатын дақылдардың көлемін азайту мен су үнемдеу технологияларын енгізу қажет екенін түсінеміз. Алайда, күріш өсіру экологиялық маңызға не және күріштік алқаптарды суға бастыру арқылы топырақтың тұздануын төмендетуге мүмкіндік береді. Сол себепті, күріш егілмей қатты тұздалған топырақта басқа дақылдардың өсуі қиын.

Осыған байланысты, күріш егісінің көлемін күрт азайтуға болмайтындығын және оған су үнемдейтін тамшылатып немесе жаңбырлатып суаратын тех-

нологияларды қолдану мүмкін еместігін де ескеру керек.

Дегенмен, облыста ауыспалы егіс тәртібін қатаң сақтай отырып, күріш дақылдың көлемін кезек-кезеңімен 75-80 мың гектарға тұрақтандыру бойынша жұмыстарды атқарудамыз.

Соңғы екі жылда күріш егісінің көлемі 11 мың гектарға қысқартылып, (2021 жылы – 5,9 мың га, 2022 жылы – 5,2 мың га) ағымдағы жылы 78,2 мың гектарға орналастырылды.

2013 жылдан бері шаруашылық құрылымдары 60 мың гектар жерге лазерлік агрегатпен тегістеу жұмыстарын жүргізіп, 34 пайыз егістік жерлер тегістелді.

Сонымен бірге, облыста күріштіктен басқа 607 гектар жерге тамшылатып және жаңбырлатып суару әдісі қолданылса, 2025 жылға дейін 17,2 мың гектар жерге ылғал үнемдеу әдісін қолдану жоспарлануда.

Алайда, Қызылорда облысында суару жүйелерінің қанағаттанғысыз жағдайына байланысты, жыл сайынғы артық су шығыны шамамен 2 млрд м³ құрайды. Бұл – республика бойынша жыл сайынғы су шығынының тең жартысы.

(Слайд 1)

Атап өту керек, республиканың барлық суармалы суының 97%-ын тұтынатын онтүстік өңірлерде халықаралық қаржы институттарының қаражаты есебінен 318,9 мың гектар жерде суландыру жүйелерін қайта жаңғырту жұмыстары атқарылып жатса, соның ішінде Қызылорда облысының үлесі небары 15,1 мың гектар ғана, немесе 4,7 % құрайды.

Көріп отырғандарыңыздай, су шығыны көп болып табылатын біздің облыста ең аз жұмыс жасалуда.

(Слайд 2)

Облыста суармалы жерлерді қалпына келтіру және айналымға қосу бойынша 161 млрд теңгеге 3 (үш) жоба әзірленген. Олар: пайдаланылмай тұрған 29 мың гектар суармалы жерлерді айналымға қосу және 158 мың гектар суармалы егістіктегі ирригация және дренаж жүйелерін жетілдіру жобалары. (ПУИД-2, ПУИД-3) (ПУИД- проект по усовершенствованию ирригационных и дренажных систем).

Осы жобалар бойынша су шаруашылығы нысандарын құжаттандыруға облыстық

бюджеттен 2017-2020 жылдар аралығында 1 млрд теңгеден астам қаржы жұмсалды.

Соның ішінде, 2019 жылдан бастап тек, ПУИД-2 жобасы іске асырылып жатса, 29 мың гектар суармалы жерлерді айналымға қосу мен ПУИД-3 жобаларын қаржыландыру мәселесі шешімін таппай келеді.

Бұл жобалар жүзеге асырылған жағдайда, инженерлік жүйеге келтірілген суармалы жерлердің 80%-ы қалпына келтіріліп, өңірдің ауыл шаруашылығының дамуына өз септігін тигізетін болады.

Өткен жылы өңірдің батыс аймақтарында қуаңшылық болып, жайылымдық жерлердің құрғауына алып келіп, Арал ауданында төтенше жағдай жарияланғаны көпшілікке мәлім.

(Слайд 3)

Қазіргі уақытта, Арал теңізінің жағдайы алаңдатуда. Аралға судың түсуі қалдық принципі бойынша жүзеге асырылады. Соңғы 12 жылда Арал теңізінің суы 7 млрд м³-қа азайып кеткен (27 млрд м³-тен 20 млрд м³).

Теңіз өз жағасынан 15-20 метрге дейін тартылды. Өткен жылы Арал теңізіне келісілген су көлемінің тек 15,6%-ы түсті. (ағымдағы жылы 16%-ы ғана түсуде)


Осы орайда Арал теңізінің жағдайын сауықтыруға ерекше назар аударуды және Сыр өңірінде суды бөлу мен есепке алуды автоматтандыруды, сонымен қатар суару жүйелерін қайта жаңғырту жөніндегі жобалардың жүзеге асырылуына ықпал етулеріңізді сұраймыз.

Диканшылыққа әбден дендеп кірген іргедегі өзбек халқының төре тілегі: «Арығыннан су кетпесін» деген екен. Сол айтқандай, біз үшін Су – өмірлік тақырып болып тұр!

Құрметті депутаттар! Сөзімді қорытындылай келе, Қызылорда облысының жоғарыда аталған өзекті мәселелерін Парламенттік тыңдаудың қорытынды ұсынымдарына енгізуді сұраймыз.



Анықтама ретінде:
1) Еуропа банкі – 77 мың га, оның ішінде Жамбыл облысы – 51,3 мың га, Түркістан облысы – 25,7 мың га.
2) Ислам банкі барлығы – 136,9 мың га, оның ішінде Алматы облысы – 35,4 мың га, Түркістан облысы – 101,5 мың га.
3) ПУИД-2 105,05 мың га, оның ішінде Алматы облысы – 12,48 мың га, Жамбыл – 15,17 мың га, Қызылорда – 15,1 мың га, Түркістан – 62,3 мың га.



Анықтама ретінде:
- 15 мың га. ПУИД-2 жобасы бойынша (9,3 млрд. теңге);
- 143 мың га. ПУИД-3 жобасы бойынша (138,3 млрд. теңге);
- 29 мың га. суармалы жерлерді айналымға қосу жобасы (13,4 млрд. теңге).



Анықтама ретінде: 2021 жылы Арал теңізіне түсетін 1,2 млрд.м³ судың іс-жүзінде 199 млн. м³, 2022 жылы 1,3 млрд.м³ судың 200 млн. м³ түсіп отыр.

Кеше қалалық мәслихатта облыс әкімінің орынбасары Мархабат Жайымбетовтің төрағалығымен «Қызылорда су жүйесі» мекемесінің жағдайына байланысты арнайы жиналыс өтті.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

«Қызылорда су жүйесі»: тұтынушыға керегі – сапалы қызмет

– Қазіргі күндері бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желі беттерінде мекеме жұмысына байланысты көп сын айтылып жатады. Тұрғындар тарапынан ауызсу сапасы, оның тұрақты берілу жағдайы және өзге де мәселелерге қатысты көңіл толмаушылық бар. Әрине, мекеме қордаланған мәселелердің де бар екенін білеміз. Түрлі себептермен берешегі көбейіп, оны шешу жолдары күрделене түсті. Осының салдарынан халыққа қызмет көрсету сапасы өте төмен деңгейге түсті. Жиын барысында сол түйткілдерді шешу жолдары қарастырылады, – деді облыс әкімінің орынбасары.

«Қызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысы Талғат Құлмағанбетовтің айтуынша, мекемеге қарағаты 974 шақырым ауызсу, 456 шақырым кәріз су құбырлары бар. Кәсіпорын арқылы таратылған су көлемі кейінгі үш жылда 24 пайызға өскені байқалды. Атап айтқанда, 2020 жылы қантар-мамыр айлары аралығында 5186 мың текше метр болса, биыл ол аталған уақытта 6178 мың текше метрді құрап отыр. Тұтынушылар саны екі жыл бұрын 75212 болса, ол биыл 83747 тұтынушыға жеткен. Осылайша тұтынушылар саны 8535-ке көбейді.

– Кәсіпорын 2020 жылдың алғашқы бес айында тұтынушыларға 473 млн теңгеге қызмет көрсетсе, одан 337 млн (71 %) теңгені құрады. 2022 жылы 617 млн теңгеге қызмет жасалса, тұтынушылар оның 512 млн

теңгесін (83 %) төледі. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда қаражаттың түсім көлемі 51 пайызға көбейген. Қазір тәулігіне 80-82 мың текше метр ауызсу таратылуда. Ол жаз айларында 100-105 мың текше метрге дейін жетсе, қыс мезгілінде 38 мың текше метрге жетеді. Облыс орталығында тұратын 300 мың адам мен 4120 заңды тұлға су тұтыну нормасына сәйкес есептесек, тәулігіне 70 мың текше метр су қажеттілігі шығады. Сонда мекеме тәулігіне 30-35 мың текше метр суды артығымен қамтамасыз етіп келеді, – деді кәсіпорын басшысы. Жиын барысында облыс әкімінің орынбасары сала мамандарынан ауызсудың сапасын арттыру, су қысымын арттыру, берешектерді өтеу секілді мәселелерді жан-жақты талқылады.

Кәсіпорын басындағы қиындықтарға байланысты оны шешу мақсатында облыс басшылығы тарапынан тиісті қолдау көрсетілмек. Десе де мекеме басшылығы тарапынан қордаланған қарыздарды жою бағытында нақты жұмыстар жасау міндеті тұр.

– Ең басты міндет – халыққа сапалы қызмет көрсету. Ауызсуды тәулік бойына тиісті қысыммен беруге назар аударылуы тиіс. Бұл бағытта нақты іс-шаралар қолға алынғаны жөн. Мекеменің қаржылық жағдайы ай сайын басты назарда ұсталуды қажет, – деді облыс әкімінің орынбасары жиынды түйіндеп.

Құрмет пен қызмет қатар жүруі тиіс

Облыстық инспекциялық топ ағымдағы жылдың 20 сәуір мен 18 мамыр аралығында аймақтағы 198 мемлекеттік мекемеге зерделеу жұмыстарын жүргізген. Зерделеу барысында Арал, Қазалы, Қармақшы, Шиелі, Жаңақорған аудандарында 18 мекемеде кемшіліктер анықталып, 3-і дер кезінде қалпына келтірілген. Басқосуда облыстық мәдениет және спорт басқармасына қарасты мекемелерде мемлекеттік рәміздердің пайдаланылуы мен насихатталу барысы туралы басқарма басшысы Руслан Рүстемов хабарлама жасады. Жалағаш ауданының әкімі Асқарбек Есжанов пен Сырдария ауданы әкімінің орынбасары Талғат Нұртазаев бейнебайланыс арқылы баяндады. Атырылған шаралар мен кеткен кемшілік сараланды. Рәміздер орналасқан аймақ тәуліктің қараңғы мезгілінде жарықтандырылмаған, басшысының кабинетінде Мемлекеттік Ту орналастырылмаған. Ту тұғырының түсі стандартқа сәйкес келмейді, тіпті кейбір мекемеде тиісті құжаттардың жоқтығы айтылды. Әсіресе ескертулерге қарамастан

заң бұзушылықтың қайталануы сөз болды.

Облыстық қоғамдық даму басқармасы зерделеу жұмыстарын жүргізумен қатар, рәміздерді насихаттау мен құрметтеуге бағытталған іс-шараларға да тұрақты мониторинг жүргізіп келеді. 1-4 маусым аралығында Мемлекеттік рәміздер күні мен Мемлекеттік рәміздердің қабылданғанына 30 жыл толуына орай облыс бойынша барлығы 80-ге жуық түрлі форматтағы іс-шара ұйымдастырылған. Оған 55 мыңнан астам адам қамтылып, 16 мыңнан астам Мемлекеттік Ту пайдаланылған. Республикалық және жергілікті телеарналарда 22 сюжет, 38 материал жарияланып, 67 көрнекі үгіт-насихат құралдары орналастырылыпты.

Жиында облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Мира Қазбекова мемлекеттік мекеме басшыларына ұсыныс айтты.

– Бірінші, қоғамның барлық салаларын қамти отырып, Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығына арналған маңызды іс-шараларды жыл соңына дейін жоспарлау, сапалы ұйымдастыру қажет. Екінші, барлық деңгейдегі мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарда, елді мекен-

дерде, ірі сауда орталықтарында тақырыптық безендіру жұмыстарын жүргізуді жалғастырып, қажеттілігіне қарай жанартқан жөн. Үшінші, мерейлі күн аясында қоғам тарапынан орынсыз сынға қалмай, әрбір бірінші басшы күнделікті өзіне қарасты мекемелердегі мемлекеттік рәміздердің жай-күйіне қадағалауды сұраймыз, – деді Мира Жомартқызы.

Шахмардан Байманов басшыларға бірнеше тапсырма беріп, мемлекеттік рәміздерге құрметпен қарауға шақырды.

– Мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсетуді барша азамат қасиетті борышы ретінде ұғынуы тиіс. Сондықтан, бұл бағыттағы жұмыстарға аса мән берініздер. Мемлекеттік рәміздердің 30 жылдығы аясындағы іс-шаралардың мазмұны мен өткізілу форматтарын жана және жалпыхалықтық бағыттарда қарастырып жөн. Халқымыздың рухын, ұлттық салт-санасын, қаһармандығы мен даналығын бейнелейтін ерекше құнды белгілерді құрметтеуге, насихаттауға шақырамын. Мемлекеттік рәміздерге деген құрметіміз шексіз, қолданылуы да дұрыс болсын! – деп жиынды қорытындылады.

Еңбек ұжымымен кездесті

«Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Светлана Иманқұлова мен аталған ұйымның облыстық филиалы жетекшісі Раушан Үмбетова «Сыр медиа» серіктестігінің ұжымымен кездесті.

Кездесуде БАҚ өкілдерінің түйткілді мәселелері



сөз болды. Ұжым атынан сөз алған бас директордың бірінші орынбасары Марат Аралбаев журналистердің әлеуметтік мәртебесі, тағы басқа мәселелерді ортаға салды.

Светлана Кенесқызы өтініштерді министрлікте өтетін жиындарда көтеретінін айтты. Кездесуде ұжымда белсенді еңбек етіп жүрген сайт әкімшісі Бақытжан Салмырза мен серіктестік қызметкері Гүлнар Садақбаева «Еңбек даңқы» төсбелгісімен марапатталды.

«СБ» ақпарат

Түзеу мекемесіндегі тіршілік

Облыста «Қылмыстық-атқару жүйесі департаменті» деп аталатын құзырлы орын бар. Жалпақ жұртқа аты түсініксіздеу көрінетіні рас. Бірақ өңірдегі түрме дейтін түзеу мекемелері осы департаментке тікелей бағынышты. Иә, аталған департаментке 3 түзеу мекемесі мен 9 пробация қызметі қарайды. Ал осы мекемелерде 1000-ға жуық сотталған жазасын өтеуде.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Ең бастысы, бізде қылмыстық-атқару жүйесін дамытудың 2019-2023 жылдарға арналған «Жол картасы» бар. Осының шеңберінде облыс бойынша ауқымды жұмыс атқарылып келеді. Аймақтағы түзеу мекемелерінде сотталғандардың құқықтық жағдайын жақсартуға, цифрландыру және жүйенің ашықтығына бағытталған бірқатар қадамдар жасалған. Соның бірі – жуырда тергеу изоляторы мен түзеу мекемелеріндегі сотталғандардың арыз-шағымдарын, өтініштерін саусак таңбасының көмегімен өкілетті органға жөнелтетін электронды терминалдар орнатылды. Осы арқылы сотталған немесе айыпталушы өзінің жеке ісі бойынша тікелей сотқа, прокуратураға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке арыз-шағымын жолдай алады. Сондай-ақ түзеу мекемесіндегі әрбір қызметкер бейнеіріктегіш құрылғысымен қамтамасыз етілген.

Екіншіден, сотталғандар туыстарымен үнемі байланыста болу үшін мобильді мүмкіндік қалыптасқан. Департаментке қарасты ЗК-169/5 мекемесінде таксофон арқылы сөйлесуге арналған пин-кодтарды жедел жеткізу жүйесі «Zona-telecom» орнатылды. Бұл жоба халықаралық түрме реформасының Орталық Азиядағы өңірлік өкілдігінің қолдауымен және ҚР ИІМ ҚАЖ комитетінің келісімімен жүзеге асып отыр. Жүйенің тиімділігі сол, сотталушының туған-туыстары телефон шалу үшін онлайн төлем жасайды. Түбіртекте сотталғанның аты-жөні көрсетіледі.

Үшіншіден, қазір жазасын өтеп жатқан азаматтарға өздеріне қажетті тауарларды сатып алу үшін электронды дүкендер қолға алынған.

Төртіншіден, бостандықта жүргендердей емес, түзеу меке-

месіндегілер медициналық көмекті кепілдендіру бойынша тегін алады. Мұндағы медицина бөлімі ҚР Үкіметінің бірқатар қаулысы және бұйрығымен, оның ішінде негізгі салаға қатысты «Бас бостандығы шектеулі, сондай-ақ, сот үкімі бойынша жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеп жүрген, арнайы мекемелерге орналас-тырылған азаматтарға медициналық көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ішкі істер министрлігінің 2020 жылғы 28 қазандағы №745 бұйрығына сәйкес медициналық көмек көрсетіп келеді. Ол үшін департамент пен облыстық денсаулық сақтау басқармасы арасында меморандум бар. Меморандум аясында сотталғандар ақысыз медициналық тексерулер мен тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етіледі. Кейбір жұқпалы аурудың алдын алу мақсатында облыстық ЖИТС-ке қарсы орталығы, тері-венерологиялық аурулары диспансері, фтизиопульмонологиялық орталығымен жылдық жоспар жасалған. Жыл сайын міндетті медициналық профилактикалық шаралар қабылдап, 35 жастан асқан жазасын өтеушілер ЭКГ аппаратына түсіп, 6 ай сайын флюорографиялық тексерістен өтіп тұрады. Кейде ота жасау жағдайы тіркеліп, дер кезінде көмек көрсетіледі. Мұнымен қоса денсаулығына байланысты мүмкіндігі шектеулі азаматтар да есепке алынып отырады.

Бесіншіден, сотталғандардың тамақтануы ҚР Үкіметінің 28.11.2014 жылғы №1255 қаулысының №5 нормасымен жүзеге асырылуда.

Мекеме асханасы барлық қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген, тап-таза, санитарлық-эпидемиологиялық нормалар сақталған.



Мекемеге жазасын өтеуге жіберілген әрбір сотталғанға келген күннен бастап төсек-жабдық, гигиеналық заттар беріледі. Жеткізушілерден өнімдерді сатып алу конкурстық негізде жүзеге асуда. Сондай-ақ азық-түлік тауарлары сапалы сертификаттармен келеді.

Облыстағы тергеу изоляторы мен ЗК-169/5 мекемесіндегі әр камерада теледидар бар. Жазасын өтеушілер белгілі бір уақыт шектеуімен елдегі жаңалықтарды тыңдап, танымдық бағдарламаларды көреді. Кітапхана тұрақты жұмыс істеп тұр.

– Тағы бір айта кетерлігі, бүгінде облыс бойынша ҚАЖ (қылмыстық-атқару жүйесі) департаментінің түзеу мекемелеріндегі 633 сотталғанды 38 жеке кәсіпкер жұмыспен қамтып отыр. Онда азаматтар әк өндіру, нан цехы, газоблок, құм блоктарын өндіру, колөнер мен аяқ киім, көрпешелер тігу, кірпіш өндірісі, пластик терезелер шығару, жалози дайындау, автокөліктерді жөндеу, жұмсақ жиһаз даярлаумен айналысады. Бұдан өзге орта білімі жоқ азаматтар арнайы кешкі мектепте білім алуда. ҚР ИІМ-нің 2014 жылғы 18 тамыздағы №516 бұйрығында сотталғандарға негізгі орта, бастауыш, жалпы орта білім, техникалық және кәсіби білім алу туралы көрсетілген. Оның ішінде 30 жасқа дейінгілер орта білім алуға міндетті. 2021-2022 оқу жылында 28 жазасын өтеуші орта білім алуға өтініш беріп, оларға кешкі мектеп

мүғалімдері офлайн форматта білім берді. Мұның барлығы – аяқтарын шалыс басқан жандарды түзу жолға қойып, бостандықта өз жолын табуға мүмкіндік жасау, – дейді облыстық қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы, әділет подполковнигі Шаймерден Есенкелдиев.

Оның айтуынша, ЗК-169/5 мекемесімен келісім-шарт негізінде Қызылорда политехникалық колледжі мен Қызылорда құрылыс және бизнес колледжі жұмыс істейді. Осының негізінде былтыр оқу жылында «тігінші», «ағаш ұстасы», «электр және газбен дәнекерлеуші» мамандықтары бойынша 70 сотталушы оқып, диплом алған. Осы колледждерде биыл 39 азамат «Ағаш ұстасы және паркет жұмыстарының шебері», «Құрылыс және әрлеу жұмыстары» мамандықтары бойынша 10 ай білім алса, 25-і «Техник-механик» мамандығы бойынша 1 жыл 10 ай оқитын болады. Мамандық бойынша диплом алғандар жаза мерзімі аяқталғанша осы мекемеде жұмысқа орналасып, жалақы алып, қылмыспен келтірген шығындарын өтеуге де мүмкіндік беріліп отыр.

Айта кету керек, облыс бойынша ҚАЖ департаменті мекемелерінен Рақымшылық жасау туралы заң 80 сотталғанға қолданылған. Оның ішінде 45 азамат абақтыдан босатылса, 34 сотталушының жаза мерзімдері қысқарыпты. Ал бір азаматтың өтініші сотпен қанағаттандырусыз қалдырылғанға ұқсайды.

ТЕРЕЗЕГЕ АБАЙ БОЛ немесе балаңызда қанат жоқ

Болған жағдайларды талдағанда, ата-аналар баланы терезе жанында жалғыз қалдыратынын білдік. Егер терезе тормен жабықталған болса, онда ол екі есе қауіпті. Кейбір ата-аналар торды қорғап қалады деп ойлайды. Бірақ ол жай тор ғана.

Жақында «Арай» шағын ауданында 3 жасар сәби 4-кабаттан құлап, ауруханаға жеткізілді. Аталған оқиғаға сәйкес полиция қызметкерлері тексеру жұмыстарын жүргізіп, баланың жағдайы жақсы екенін айтты. Биыл осындай 3 жағдай тіркелсе, былтыр 10 бала терезеден құлаған. Өкінішке қарай, оның 2-і қаза тапты. Осыған орай, төтенше жағдайлар департаменті қала тұрғындарына жаз бойы түсінірме жұмыстарын жүргізеді.

– Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, зардап шеккендер – 1 мен 6 жас аралығындағы жеткіншектер. Басты себеп – балалардың ата-ананың қарауынсыз қалуы, қорғағыш торлардың нашар бекітілуі және балалардың терезе алдында ойнауы, – делі қалалық төтенше жағдайлар басқармасының басшысы Жасұлан Түйменов.

Мұндай жағдайдың алдын алу үшін құтқарушылар кішкентай жеткіншектерді жалғыз қалдырмауға кеңес береді. Сонымен қатар үй жиһаздарын терезеден алшақ қоюды ұсынады.

Бала – кішкентай зерттеуші, ол айналасын танып-білу үшін түрлі әрекеттерге барады. Өрине, терезе және оның арғы бетіндегі әлем – бала үшін қызық әрі беймәлім. Сол әлемді тамашалау үшін кішкентай жеткіншектер те-

резе алдына шығып, көп жағдайда терезеге арналған торға сүйкенеңді. Ондай торлар қауіпті одан әрі күшейтпесе, құлаудан сақтамайды. Ең сапалы тордың өзі баланың салмағын көтере алмайды. Бала ойнайтын бөлменің терезесін немесе балконның есігін жауып қойған дұрыс. Терезені өз бетімен ашпас үшін арнайы бекітетін құралдарды қолданған жөн.

Оқыс оқиғаларға байланысты сәуір айынан бастап көпбалалы отбасылардың үй терезесіне арнайы қауіпсіздік ілмешігі орнатылды. Сондай-ақ, «Ақмешіт», «Арай» шағын аудандары және сол жағалауда тұратын тұрғындарға үйде жеткіншектерді жалғыз қалдыруға болмайтыны туралы ескертілді. Мұнан бөлек мектеп директорларына терезеге қауіпсіздік құлыптарын орнату маңызды екені айтылды.

LED экран, әлеуметтік желі және де ақпарат құралдары арқылы «Ашық терезе – балаға төнген қауіп!», «Терезені жабыңыз, балаңызда қанат жоқ» тақырыптары бойынша арнайы хабарламалар мен бейнекөрсетілімдер жолданды. Осындай жағдайларға сәйкес ТЖД қызметкерлері қала аумағында төтенше жағдайлардың алдын алу мақсатында арнайы міндеттерді орындау үшін 24 сағат жұмыс істейтінін жеткізді.

Ата-ана бала үлкеннің іс-әрекетін қайталайтынын есте сақтағаны жөн. Сол себепті үйдегі ересек адамдар да терезенің алдына отырудан, терезеден басын шығарып қараудан және далада жүрген адамдармен сөйлесуден аулақ болу керек. Балаларға терезенің қаншалықты қауіпті екенін, оның алдына шықпау керектігін түсіндірген абзал.

1-бет

Жемқорлық сенімге селкеу түсіреді

Сыбайлас жемқорлықтың мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көленке түсіретіні белгілі. Ең бастысы, адамдардың қоғамның демократиялық негізіне, заң мен әділдікке, түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні хақ. Оған қарсы стратегияның негізгі ба-сымдықтырының бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңда негізгі қағидалар белгіленген. Олар – заңдылық, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы, жариялылық пен ашықтық, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жү-

йелі және кешенді пайдалану, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелеу.

Қоғам дамуының жақсы жағымен қатар көлеңкелі тұсы да қатар жүретіндіктен, елдің әлеуметтік хал-ахуалының жақсарып, экономикалық жоғары даму деңгейіне жетуі, халқымыздың демографиялық өсіп-өнуін көздеген шаралар жасалып жатқан кезде алға басқан қадамды кейін тартып, дамуымызға тежеу болып отырған сыбайлас жемқорлықпен күресті күшейту – әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.

С.АЙТБАЕВ,
Қызылорда бөлімшелік
көліктегі санитариялық
эпидемиологиялық
бақылау басқармасының
басшысы

Хабарландыру

«Байқоңыр» ӘКК» АҚ Қызылорда облысының кәсіпкерлік субъектілерін картоп, басты пияз, сәбіз, қырыққабат тауарының бағасын тұрақтандыру үшін займ алуға шақырады. Займ бойынша ақпаратты www.spk-baikonur.kz сайтынан алуға болады.

Мұралық істің ашылғанын хабарлайды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мұрат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014 ж.) 2021 жылдың 22 маусымында қайтыс болған азамат Пірмагов Валижан Вакиловичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: **Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.**

Жарамсыз деп есептелсін

Мұхтаров Мұрат Абдуллаұлының атына ҚР ІІМ-нің Қызылорда облысының Полиция департаментінен берілген зейнеткерлік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

«IC Petroleum» ЖШС ұжымы серіктестіктің бұрынғы қызметкері

Ажмолдаев Сахитжан Бахитжанұлының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің ұжымы Су шаруашылығы және жерге орналастыру кафедрасының профессоры Өмірзақов Серікбай Ыдырысұлына апасы

Роза Ыдырысқызының қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, облыстық медицина саласының ардагерлер кеңесі және «Senim» денсаулық сақтау жүйесі жұмыскерлерінің салалық кәсіптік одағы» РҚБ-нің Қызылорда облыстық филиалының ұжымы Алматы қалалық психикалық денсаулық орталығының бас дәрігері Рахменшев Сапар Құттыбайұлына әкесі

Құттыбай Рахманбердіұлының қайтыс болуына байланысты қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.



Балық өсіру бағбаны

Кезінде Арал теңізі мен теңіз аттас аудан төңірегіндегі үлкенді-кішілі көлдерге өз қолымен балық өсіріп жіберіп, абырой биігінен көрінген Кемал Жаймағанбетовтың есімі бұл өңірдегі аға буын өкілдеріне етене таныс.

Осы аудандағы Балғабай елді мекенінде 1942 жылы кіндік қаны тамған ол – 3.Шүкіров атындағы №20 Бөген орта мектебінің түлегі. Қызылорда гидромелиоративтік техникумын, гидротехник, іле-шала Мәскеудегі бүкілодақтық тамақ өнеркәсібі институтын балық өсіруші мамандығы бойынша тәмамдаған. Бұған қоса жоғары білімді инженер-ихтиолог. Алғашқы еңбек жолы да бүкіл саналы ғұмырымен сабақтас. Жиырма жасында Арал бассейндік балық қорғау, аулауды реттеу және өсіру басқармасына қарасты «Тастак» балық өсіру тоғанында гидротехник болып басталған Кемал Қайназарұлының еңбек кітапшасы одан әрі жоғарыдағы басқармада зерттеуші инженер, инженер-мелиоратор болғанын айғақтайды.

Бұл кітапшаның алғашқы парағында шамалы айларды Алматы облысы Шелек ауданындағы жеміс-жидек кеңшарында тер төгіп өткізгені жазылған. Бірақ, ол балық дегенде, ішкен асын жерге қоятын еді. Сонан да шығар елге ораған ол зейнет жасына жеткенше өз мамандығын жанындай сүйді. Сондықтан болар адал еңбегі, айнаымас қарым-қабілетімен көзге түскен Кемал Жаймағанбетов

біртіндеп қызмет сатысымен көтеріле бастады. 1986-1998 жылдары бұрынғы «Арал-рыбпром» өндірістік бірлестігінің басшылары білімді, мамандығына машықтанған маманды «Аманөткел» тауарлы көл шаруашылығына басшы етіп жіберді.

Адамды сенім қанаттандырады емес пе?! Өмір бойы жиған-терген еңбек тәжірибесін осы жолы да елеусіз қалдырмады. Бірінші кезекте ұжым мүшелерімен ортақ тіл табысып, өзі білетін, зердесіне тоқыған балық өсірудің сан алуан жырларын балық өсіруші жастарға үйретуден жалықпады.

Осы тұста ғой Кемал Жаймағанбетовтың «Тастак» балық өсіру тоғанына келіп, оның бастамасымен батыл бетбұрыс жасалып, сонау Қиыр Шығыс суларында сайран салған, сол жердегі су түбінің шөбімен қоректенген ақ амур, дөңмаңдай құрт шабақтарын өсіріп, оны Арал теңізі мен көлдерінде жерсіндіретіні. Су маржандары Кемал аға қолымен өсіріліп, одан әрі Сыр өзенін өрлеп, облыс көлдері түгілі, «Шардараға» қарай шапшаң қанат жаятыны. Бұл Арал балық өсіру тоғандары бойынша тұңғыш рет жүзеге асқан жемісті жоба болатын. Жанашыл басшының ілкімді

істері әріптестері арасында кеңінен қолдау тапқаны теңіз жағалауы жұртшылығының әлі күнге есінде. Оны айта-сыз-ау, бұл тәжірибеге сұраныс тіпті Ресейдің Ростов, Астрахань облыстарындағы су айдындарынан да түскені күні кешегідей. Бұған дейін мұнда балық түрлері Түркіменстанның Қараметинияз тоғанынан келген көрінеді.

Адал еңбек абырой еншілейді. Бұрынғы республика Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасы, одақтық балық өсіру, қорғау бас басқармасының 50 жылдық мерекелік медалімен марапатталып, ауылдық, аудандық мәслихаттардың депутаты болуы осының айғағы болса керек.

Оған тоғанды су айдындарында балық шабақтарын өсіру тәжірибесін бір кездері одақтық, ортаазиялық симпозиумдерде, конференцияларда ортаға салу міндеттелді. Балтық жағалауы елдерінде, Санкт-Петербургте өткен дүниежүзілік балық шаруашылығы көрмелеріне қатысқанын ел біледі.

Білікті балық өсіруші Кемал Жаймағанбетов «Аманөткел» тауарлы көл шаруашылығын басқарған сексенінші жылдары аудан басшылары оған әр жазда 200 тоннаға дейін су маржанын өсіріп, Арал ка-

ласы, Жақсықылыш, Сексеуіл сияқты ірі елді мекендері тұрғындарына тірі күйінде сату тапсырылады. Бұл тапсырма тиянақты орындалғаны ел жандыда. Бұған қоса К.Жаймағанбетов кезінде бақша өсіру, балық қорғау, ауылдық округ маманы қызметтерін қалтқысыз атқарып, құрметті зейнет жасына жеткен еді. Өмірден озғанына жыл он екі ай өткен ағамыз тірі болғанда сексен жастың асуынан сергек аттар еді.

Артында қалған жұбайы, ардагер ұстаз Рәйла жемгеміз бен жеті перзенті, немере-шөберелері әке аманатына адал, үлкен әулет саналады. Олардың бірі медицина, экономика, енді біреулері білім, жылжымайтын мүлік саласында абыройлы қызмет атқаруда.

Айтпақшы, Кемал ағамыздың атасы Жаймағанбет Аманбаев сталиндік қуғын-сүргін жылдары жазықсыз жазалау құрығына ілініп, 1937 жылы «үштіктің» үкімімен ату жазасына кесілген. Жалған айыптаулар бойынша бұрын ірі бай, болыс, колхоз жұмысына зиянкестік жасады деп әуелгіде қамауға алынған көрінеді. Тіпті одан бұрын 1930 жылы мал-мүлік тәркіленіп, 7 жылға жаза кесілген екен. Ең ақырында 1989 жылы КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығына сәйкес, жазықсыз жазаланған жанның есімі толық ақталды. Ата есімін ардақтаған Кемал ағамыз оны қайта қалпына келтіруге қажетті құжаттар жинап, талай тағалдырықты тоздырғанын білеміз. Тату-тәтті отбасының басына түскен сол жылдардағы асырасылтеу кесірі бір кездегі бала Кемалды, бозбала Кемалды да айналып өтпегенін оның жақын-жуықтары жақсы біледі. Бірақ, ол ата аманатынан айнымады. Тектілік қалпын өзі өмірден өткенше адал сақтаған тұлға болғаны біздің есімізде, ұрпақтары соны мақтан етеді, өздеріне үлгі-өнеге тұтады.

Т.НҰРЖАН-БАЛТА



Балалар жылы 2022

Талантымен топ жарған

Биыл – «Балалар жылы». Мемлекет басшысының бұл бастамасы бүгінгі жас өркеннің шығармашылығын дамытуға ерекше қолдау болды. Еліміздің барлық өңірінде балаларға арналған өнер байқаулары өтіп жатыр.

Сыр елінің талантты бүлдіршіндері де талай додаларда топ жарып жүр. Солардың бірі – Халықаралық және республикалық байқаулардың жүлдегері Ержігіт Сармырзаев. Жуырда Тасбөгет кентіндегі С.Майқанова атындағы Мәдениет үйінің ұйымдастыруымен жас таланттың «Мен де жұлдыз боламын!» атты жеке концерті өтті.

Газиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»



Ержігіт 10 жаста, №257 орта мектептің озат оқушысы. Ол – бірнеше мәрте халықаралық және республикалық ән байқауы, мәнерлеп оқу сайысының жүлдегері. Түрік елінде өткен 12 мемлекеттен жиналған «Мен де жұлдыз боламын!» атты мегабайқауда 1-орын иеленіп, Болгария елінде өтетін ән байқауына жолдама алды. Сондай-ақ, биыл Алматы қаласында өткен «Әрқашан күн сөнбесін!» атты балалар арасындағы ән байқауына қатысып, вокал жанры бойынша бас жүлдені жеңіп алды.

Осылайша Ержігіт тек Сыр өңірі ғана емес, қазақ елінің намысын қорғап келеді. Сонымен бірге, ол – С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің өнерпазы, Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының тұрақты оқырманы. Бір бойында бірнеше өнері бар талантты бала Ержігіт Сармырзаевтың алғаш рет ұйымдастырылған жеке концерті көрерменнің көңілінен шығып, ыстық ықыласына бөленді. Концерті оның вокалдан дәріс беретін ұстазы Асхат Таңатаров жүргізді. Сондай-ақ, қазақ эстрадасына танымал әнші-сазгер Үкітай Ерниязов жас өнерпаздың

шығармашылық жетістігіне тәнті болып, ән шашуын арнады.

«Мен де жұлдыз боламын!» деген Ержігіт қазіргі қазақ эстрадасының танымал әндерін нақышына келтіре орындады. Одан бөлек, белгілі қазақ акындарының күрделі шығармаларынан моноло оқыды. Жасынан өнерге баулып, қатарға қосқан анасы Динара Сармырзаевамен бірге ән шырқап, ана мен бала арасындағы сүйіспеншілік көрерменді де сүйіндірді.

Концертте жас таланттың шығармашылығына қолдау танытып жүрген М.Ықанов атындағы колледж оқытушысы Гүлмира Жақыпова, «Ел-Арай» қоғамдық қорының төрағасы Асхат Байдәулетов және мектептегі ұстаздары ақ тілектерін жаудырды.

Иә, ойын баласы үшін 10 жасында жеке концерт беру – үлкен жауапкершілік. Сондықтан «Балалар жылы» аясында Сыр мәдениетін көтеруге өз әлімше үлес қосып жүрген осындай жас жеткіншектердің өнерін насихаттау өте құптарлық іс. Ертеңіне сенетін Ержігіттің алдына қойған арман-мақсаты көп. Оған жетеріне ұстаздары зор сенім артып отыр.

Сондай-ақ, өнерлі өренді Тасбөгет кентінің ікімі Семсер Сыздықов қабылдап, алғыс білдірді.

Төл өнердің туын көтеріп жүрген ҚР Мәдениет қайраткері, жыршы Берік Саймағанбетов бала кезден жыраулық өнерді бойына сіңіріп өскен. Ол – әкеден дарыған текті өнердің шырақшысы, алдыңғы буыннан үйренген өнердің қыр-сырын кейінгі ұрпаққа насихаттау жолында еңбек етіп жүрген жан. Рухани шөліркеген ұлтты жырмен сусындатқан өнер несімен пікірлесудің сәті түсті. Жүрекжарды лебізі мен дәстүрлі өнер тағдырына деген алаңдаушылығын тыңдадық. Жыршының орамды ойларын, пайым-парасатынан өрілген өрелі сөздерін осы орайда зерделі оқырман назарына ұсынууды жөн санап отырмыз.

Берік Саймағанбетов:

Тарих та, тәрбие де жырда тұр

– Қазақ қоғамы жырдың қадіріне әлі де жете алмай келеді. Ал, шынында тұтас руханият осында тұр. «Тарихымыз – жырмызда» деп айтамыз. Тарих жырда тұрған соң, тәрбие де сонда тұр ғой! Сондықтан дұрыстап қолға алуымыз керек. Себебі, нағыз қазақы философия, небір бейнелі сөздеріміз жырда. Жалпы, Сыр бойы жырауларының қасиеті – ана заманды айтып, осы заманды меңзеп тұрады. Өлмейтін сөз дегеніміз де сол, яғни, барлық заман үшін адамгершілік қағидалары бірдей. Сол сөз ана заманда да, қазір де өзекті. Адамның өзін-өзі тәрбиелеуі де – атадан балаға ауысып, жалғаса беретін дүние.

Халық санасында қалыптасқан ұғым бар да, сол ұғымның атқаратын міндеті бар. Ақын – өлең жазатын адам. Ал, жырау – қазақ хандығымен бірге өмір сүрген ұғым. Жырау өнерпаз емес, одан биік. Керек десеніз, жырау – елдің ұраншысы, мемлекет қайраткері. Қазақ хандығы тұсында жыраулық – мамандық болатын. Ұлтқа рух сыйлаушы тұлға еді.

Мысалы, Бұқар жырауды алайық. Бұқармен қатар өмір сүрген талай жыршылар болған. Бірақ олардың жырау аты қалған жоқ. Кешегі Кенесарының соңғы ханымыз деп мойындайтын болсақ, оның қасында жүрген Нысанбайды қазақтың соңғы жырауы деп айта аламыз. Себебі, Кенесарының бүкіл жорықтарына қатысқан – Нысанбай. Біз айтып отырған ұғымдағы жырау сонымен шектеледі. Себебі ол жыраудың функциясын атқарған.

Бірақ сол функцияны атқарамаған, елдің ұраншысы бол-

маған, бірақ соған талпынған жыраулардың ішінде біз Базар жырауды қазақтың ең соңғы жырауы деп атар едік. Олай дейтініміз, оның Кенесарының баласы Сыздықпен арада келісімі болды. Сыздық әкесінің кегін алып, қазақтың басын қосқысы келді. Сол жолда жүріп газзат соғысына шығам деді. Сөйтіп Базармен келісті. Бірақ ол ойлары іске асқан жоқ. Мұны айтып отырғаным, қазір біз бәрін жырау деп атауға құмармыз. Сонымыздан термешілік, жыршылық, орындаушылық дегендерді аттап өтіп кетеміз. Олай болмайды, әр нәрсе өз атымен аталуы керек.

Қандай тұлға болса да, оны халық өз ортасынан өсіріп шығарады. Қай адам қандай да бір үлкен жетістікке жетсе, сол жердегі халықтың барлығының үлесі бар. Өнерпаздың өсуі де, өшуі де халықтың қузырында. Сол үшін қазір ұлттық сананы, ұлттық идеологияны қалыптастыру керек. Қоғамдық сана қалыптасқан кезде ғана өнер басқаша үрдіс алады. Біздің рухани құндылықтарымыз, дәстүрлі өнеріміз кәдімгі ғөйі баланың күнін кешіп жүр. Халықтың қошеметіне мұқтаж.

Біздің өнер – саналық өнер. Сондықтан ұлттың өнерін айтыс, жыр, басқа деп бөлмей, тең көзқарас қалыптастыру қажет. Өрқайсысы кезінде осы ұлтқа қызмет етті. Сондықтан бір-бірінен айырмашылығын, кемшілігін қолдан жасамау керек.

Өнер де адамға тандап қонады. Екінші біріне емес. Мысалы, он адамға осы өнерді бұйыртатын болса, соның біреуін ғана көсемдік дәрежеге апарады. Сол өнер саласын басқарып жүру,

оған қамқоршы болу да өнерпаздардың арасында екінші біріне қона бермейтін қасиет. Сондықтан өнердегі ең басты нәрсе – тазалық. Тазалық болмаған жерде өнердің адамға тұрақтауы өміршең емес. Ал, ол тазалық – көңілдің, өзіңнің тазалығын.

Быттыр Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» дастанын Жалағашқа апарып бес жыршыға жырлаттым. Соның аудиожазбасын, телевизиялық нұсқасын жасап, монтаждап дайындап отырмын. Қаржының ыңғайы болса, биылғы жыраудың 200 жылдығы қарсаңында жарыққа шығарсам ба деймін. Себебі, Нысанбай мұрасы – аймағымыз үшін қажетті дүние. Жырау туралы көп мағлұмат та жоқ. Оның мәңгілік мекені де аймағымызда екенін ешкім біліп жатқан жоқ. Зираты Жалағашта, қазіргі Еңбек ауылында.

Бір жылдары мен «Тау тұлға – Тұрмағамбет» деген айдармен әлеуметтік желіде Тұрмағамбет жырларының түсіндірмесін жүргіздім. Сонда ақынның өлеңін беріп, астына қарапайым тілмен түсіндірмесін жаздым. Сонымды кітап етіп шығардым. Жақында тұсауын кесеміз. Себебі, ақын-жырауларымыздың жырларындағы сөздер қазіргі оқырман үшін ауыр. Мағынасын ашып, түсіндіруді керек етеді. Бірақ заманында оны ешкім ауыр деген жоқ қой. Барлығы түсінді. Мұны айтып отырғаным, қазір қазақ қазаққа аудармашы болуға мәжбүр болып отыр. Бұл – ұлт үшін үлкен қасірет. Сондықтан ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлу қажет.

«Қисса сұл-әнбия» – ұлттың тәрбиешісі болған құрал. Қазақта оны білмейтін адам болмаған. Бала тәрбиесінде үлкен рөл атқарған. Ішінде аспан мен жердің, он сегіз мың ғаламның, адамның жаралуынан бастап, неше түрлі қиссалар болған. Манызды-маңызды деген нәрселер, күн-делікті көз көріп жүргеннің барлығы содан табылған. Соларды қисса есебінде балаларға айтып отырған. Соның барлығы кешегі уақытқа дейін жабық тақырып болып келді. Бірақ мен өзімді сол тәрбиені көргендердің сонымын деп айта аламын. Өйткені менің әкем 1985 жылы, жүз бір жасында қайтыс болған. Ол кісілер – «Қисса сұл-әнбияны» жатқа білген адамдар. Мен бала күнімнен сонымен қоректендім.

Елдегі «Үш күлше», «Аққұстың хикаясы» деген сияқты Тұрмағамбетте де, Омарда да кездесетін өлеңдер бар. Солардың барлығының түпкі бастауы «Қисса сұл-әнбияда» жатыр. Бұрын ауылдағылар жұма намазға барады екен де, мешітте намаздан соң өңіме айтылатын болған. Сол әңгімені Бегім дейтін әкеміз айтады екен. Со-сын отырған інілеріне: «келесі жұмаға дейін осыны өлеңге айналдырып алып келесің» деп тапсырма беретін көрінеді. Олар жазып алып келеді. Арасынан жаксы шыққан өлеңдерді Бегім әкеміз жырауларға беріп: «Жаттап, ел аузына таратыңдар» деп айтып отырған. Ел ішіндегі қалыптасқан дәстүр осындай болған. Атадан балаға келе жатқан із ғой. Қарап отырсақ, өнердің айналасында жүрген ақындар, дін өкілдері, жыраулар арасында сондай одақ болған. Ол одақ ұлтты тәрбиелеуді мақсат еткен.

Дәстүрлі өнер бағытында балаларға арнап үйірме жұмысын бастағанымызға бір жылға жуық уақыт болды. Ондағы мақсат – Мемлекет басшысының балалар шығармашылығын дамытуға байланысты берілген тапсырмасы аясындағы қолдау шараларын ұрпақ тәрбиесіне пайдалану. Өнердің ұрығын шашып, өнерпаз қатарын көбейту. Үйірме баланы кәсіби өнерпаз деңгейіне көтермесе де, ессесіне балада өнер туралы мол мағлұмат қалыптасады. Қазір Төреғам, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Қызылордада балаларды тәрбиелеп жатырмыз. Мыңнан астам бала би, күй, жыр, көркемөз оқу, шешендік өнер бойынша дәріс алуда.

Биболат СӘТЖАН,
«Сыр бойы»



Менің дәрігерім (Қызылорда қалалық №4 емхананың эндокринолог-дәрігері М.Қалиеваға)

Сөзі шипа, бір жан бар өзі керім,
Шақырады ай сайын, көрінемін.
Сәл сөйлессен, күдіктен үміт сыйлар,
Ол – менің дәрігерім!

Сауығудың үгітпен нағыз емін,
Іштіктіге танбалап дәрілерін,

«Жазылыңыз тезірек» деп тілейді,
Менің дәрігерім!

Тәтті құмар дертпенен әбегермін,
«Қимылдаңыз, өлең жаз,
төгілер мұң».
«Аға, әдемі картаю керек» дейді,
Менің дәрігерім!

Ықыласынан кеселден емделермін,
Жаксы көріп біріндей немеремнің,
Есімі де – Махаббат – қандай ғажап,
Ол – менің дәрігерім!

Тілеген БЕКАРЫСТАНОВ

Фармаколог Гүлзада

Гүлзада Қарифулланың мамандығы – фармаколог. Көпбейінді облыстық балалар ауруханасында еңбек ететін ол бұл мамандықтың өзгелерге ұқсамайтын өзіндік ерекшелігі барын айтады. Оның айтуынша, клиникалық фармаколог дәрігер науқасқа тиісті маманмен бірге дәрі тағайындаумен айналысады.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

– Бұл мамандықтың өзіндік ерекшелігі бар. Көп адам фармацевт маманымен шатастырып жатады. Менің негізгі қызметім – науқасқа емдеуші дәрігердің тағайындауымен пациент жағдайына, дертінің ауырлығына, дәрілік аллергиялық анамнезін ескере отырып, барлық талдау нәтижелерін сараптай келе және оңиң ағзаға әсер етуін негізге ала дәрі беру. Түсінікті болу үшін былай жеткізейін, қазіргі кезде науқас ауруханаға келгенше дәрігер

нұсқауынсыз, яғни, өз бетінше дәрі іше береді. Бұл өз кезегінде ауруханаға түскенде әрі қарай емдеуші дәрігердің дәрі-дәрмек тағайындауын күрделендіреді. Осыған байланысты науқастың жағдайына қарай, яғни, дәрілік заттың әр сырқаттың физиологиялық параметрлеріне әсер етуіне, пациент жағдайының ауырлығына байланысты емдеуші дәрігермен кенесе отырып, бірге ем тағайындаймыз. Сонымен қатар, ауруханашілік дәрілік заттардың рационал-



ды тағайындау негізділігіне бақылау жүргіземіз, – дейді Гүлзада.

Ол – клиникалық фармакология мамандығы резидентурасының республика деңгейінде алғашқы түлегі.

Г.Әбибуллақызы 1994 жылы Жалағаш ауданында дүниеге келген. М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік медицина университетінің «Жалпы медицина» факультетін бітірген. 2017-2019 жылдары интернатураның терапия бөлімін тәмамдаса, кейін клиникалық фармакология мамандығы бойынша резидентураны оқып шығады. Еңбек жолын 2020 жылы Ақтөбе облысындағы клиникада кезекші дәрігер-терапевт болып бастайды. Былтыр тамыз-қыркүйек айларында Жалағаш аудандық ауруханасында дәрігер клиникалық фармаколог, сол жылдың қазан айынан бері көпбейінді облыстық балалар ауруханасында дәрігер клиникалық фармаколог болып қызмет атқаруда.

Гүлзада мамандығы бойынша үнемі ізденіп жүреді. Ғылыми іс-шараларға, курстарға

қатысууды әдетке айналдырған. Оған алған түрлі сертификаттары куә. Мәселен, Ақтөбе қаласында ғылыми жұмысқа болашақ клиникалық фармаколог мамандарын тарту бағытында өткен «Дәрігердің клиникаға дейінгі және қолдану кезеңінде» ғылыми курсына қатысып, арнайы сертификат алып шықты. Былтыр қараша айында клиникалық фармакологтар, фармацевтердің кәсіби қауымдастығының ұйымдастыруымен қазіргі кезде антибиотикке төзімділік мәселесі, антибиотикті тиімді қолдану жөнінде өткен конференцияға қатысып, онан да арнайы сертификатқа ие болды. Сонымен қатар Гүлзада жыл сайын өткізілетін «Вотчалов оқулар» атты сала мамандарына арналған семинарға да қатысады. Ал былтыр Нұр-Сұлтан қаласында өткен Қазақстанның клиникалық фармакологтарының I конгресіне қатысып қайтты.